

"Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 775 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1691 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 554 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 554 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 775 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасында:

«6. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген бөлімде: реттік нөмірі 66-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

66.	Қазақстан Республикасының батыс өңірінде туберкулезбен ауыратын сотталғандарға арналған емдеу-профилактикалық мекемесінің құрылысына мемлекеттік сараптамадан өткізі отырып, ЖСК әзірлеуге бюджеттік өтінім енгізу	Бюджеттік өтінім	ІМ	2014 жылғы 2 тоқсан	-	-	-	-	-	-	Талап етілмейді	-
-----	--	------------------	----	---------------------	---	---	---	---	---	---	-----------------	---

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*